*Ф-ОБ-001/065*

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**Стоматология факультеті**

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

**№8 ХАТТАМАСЫ**

24.04.2024 ж. Түркістан қ., 2-корпус, 334 каб.

**Катысқандар:** комиссия төрайымы х.ғ.к., доцент А.К. Мамырбекова, комиссия мүшелері: х.ғ.к., доцент Э.Ж. Тулешова; магистр, аға оқытушы А.А. Кушкарова; оқытушы А. Мусаева; оқытушы Д.Н. Неметова, оқытушы А.Ускенбаева, 504 тобының студенті А. Иса; әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері М. Шалтаева.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
2. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу.
3. ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру.
4. Сәуір айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

**1-ші сұрақ бойынша:** СҚК төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар үнемі ұйымдастырылады. Мысалы жақында саулнама жүргізілді, сауалнаманың аталуы: «Университеттегі оқытушылар мен қызметкерлердің жұмысқа қанағаттануы». Мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету саласындағы ЖОО қызметінің көрсеткіштерінің бірі оқытушылар мен қызметкерлердің ЖОО-дағы жұмысқа қанағаттану дәрежесі болып табылады, ол әлеуметтік сауалнама барысында пікірлерді зерделеу негізінде айқындалады. Сауалнамада келесі сұрақтар қамтылды:

***1.Сіздің оқу орныңыздың өмірі туралы негізгі ақпарат көзі:***

1. Ректордың бұйрықтары, басқа да ресми құжаттар
2. Кафедра отырыстары
3. Басшылықпен жеке қарым-қатынас
4. Кафедрадағы, деканаттағы әңгімелер
5. Ауызша бейресми ақпарат, түрлі көздерден алынған қауесет
6. Мен университеттің істері туралы ақпарат алмаймын
7. Мені университет істері туралы ақпарат қызықтырмайды

***2.Сіз еңбекті ұйымдастыру жағдайларына және жұмыс орнының жабдықталуына қаншалықты қанағаттанасыз?***

-Толығымен қанағаттандым

-Ішінара қанағаттанды

-Қанағаттанбаған

-Жауап беруге қиналамын

***3. Университет өмірінде әр оқытушы мен қызметкерді қозғайтын көптеген түрлі жақтары мен аспектілері бар. Сіздің қаншалықты қанағаттанғаныңызды бағалаңыз:*** (жауаптар: -толығымен қанағаттандым; -ішінара қанағаттанды; -қанағаттанбаған; -жауап беруте қиналамын)

1. Басшылықтың Сізге деген көзқарасы
2. Басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысу
3. Сіздің табыстарыңыз бен жетістіктерді мойындау
4. Әкімшілік қызметі
5. Еңбекақы төлеу шарттарымен
6. Еңбекті ұйымдастыру (оқу жүктемесін бөлу, сабақ кестесі және т.б.)
7. Оқу бөлімінің қызметімен
8. Оқу-әдістемелік бөлімінің қызметімен
9. СМЖ бөлімінің қызметімен
10. Ғылым бөлімінің қызметімен
11. Университеттің Кәсіподақ қызметімен
12. Еңбекті қорғау және онын қауіпсіздігі
13. Жұмыс нәтижесіне қарай көтермелеу (марапаттау) жүйесі
14. Демалыс, санаториялық емдеу және т.б. жеңілдіктер берумен
15. Тамақтандыру, медициналық және басқа да қызмет көрсету жүйесі

***4.Сіздің ойыңызша, оқу процесінің қандай мәселелері бірінші кезектегі шешімді қажет етеді?***

1. Оқу-әдістемелік әдебиеттің жетіспеушілігі
2. Қазіргі заманғы ТҚО-мен (оқытудың техникалық құралдары) нашар жабдықталғануы
3. Аудитория тапшылығы
4. Оқу пәндерінің студенттері, оқытушылар үшін таңдау мүмкіндігінің болмауы
5. Өндірістік практиканы ұйымдастыру
6. Оқу жоспарларының жетілмегендігі
7. Зертханалық база жеткіліксіз
8. Ғылыми зерттеулер деңгейі
9. Жауап беруге қиналамын
10. Басқа

***5.Сіздің лауазымыңыз:*** ________________

***6. Сіздің жасыңыз:***

1. 30-ға дейін
2. 40-қа дейін
3. 50-ге дейін
4. 50 ден астам

***7. Сіздің жынысыңыз:***

- ер
- әйел

***8. Осы университеттегі жұмыс өтілі:***

-5 жылға дейін
-5-10 жыл
-11-15 жыл
-16-20 жыл
-20-жылдан астам

***9. Сіздің ойыңызша, оқу процесін және оқытушылардың кәсіби қызметін жетілдіру үшін не істеу қажет ((қызметкерлердің) (жазыңыз).***

Сауалнаманың барлық сұрақтарына шын жүректен және адал жауап беру маңызды болып есептелінеді, сондықтан оқытушылар мен қызметкерлер үлкен жауапкершілікпен сауалнама сұрақтарына жауап беру тиіс.

**Шешімі:** Оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлердің университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деңгейде деп есептелінсін.

**2-ші сұрақ бойынша:** СҚК мүшесі, терапиялық стоматология кафедрасының меңгерушісі Тулешова Э.Ж. күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алып, оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жүргізу туралы маңызды мәселе екенін атап өтті. Қазіргі жоғары білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі-жаңа технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдері білім алушылардың шығармашылық,теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі - жаңа технология негіздері болып табылады. Қазіргі уақытта елімізде білім беру саласында түбегейлі өзгерістер орын алуда. Оқытушылардың міндеті – студентті келешек маман ретінде қалыптастыру процесінде білім, білік, дағды жинақтауға бағытталған дәстүрлі оқытуды өзгерту. Оқу процесінде білім алушының танымдық және шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін білім беру сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және үй тапсырмасына бөлінетін уақытты азайту арқылы оқушылардың репродуктивті белсенділігінің үлесін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары даралауға, оқу процесінің қашықтығы мен өзгермелілігіне, білім деңгейі мен жасына қарамастан оқушылардың академиялық ұтқырлығына бағытталған. ЖОО-да оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың кең спектрі ұсынылған. Қазіргі таңдағы ең тиімді жаңа технологиялар:

1. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар
2. Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы
3. Жоба технологиясы
4. Дамыта оқыту технологиясы
5. Денсаулық сақтау технологиялары
6. Проблемалық оқыту технологиясы
7. Ойын технологиялары
8. Модульдік технология
9. Семинарлық технология
10. Дәстүрлі технологиялар

Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары У.Б. Татыкаева мен оқу-әдістемелік комитет төрайымы А.Ж. Еримова төрт кафедрада жүргізілетін пәндер бойынша оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг үнемі жүргізіледі және факультеттің кеңесінің мәжілістерінде талқыланады.

**Шешімі:** Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг қанағаттанарлық деңгейде есептелінсін.

**3-ші сұрақ бойынша:** СҚК төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылында 1- курсқа **60** білім алушыға контингент бөлінген. 2024-2025 оқу жылына «Стоматология» білім беру бағдарламасына сұраныстың көп болуына байланысты,контингент **100** білім алушыға жоспарлануда. Келесі 2024-2025 оқу жылы бойынша стоматология факультеті бойынша білімгерлердің контингентін қалыптастыру мақсатында іс-шаралар жүргізіліп жатқаны туралы атап өтті. Факультет бойынша кәсіби бағдар беру мақсатында жауапты тұлғалар: ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбсары, PhD Нұрдинов Н.С. және терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасының оқытушысы Есентаев Д.Қ. болып тағайындалды. Кәсіби бағдар беру жоспары бойынша жауапты оқытушылар Кентау қаласындағы Дайындық факультеті мен Түркістан облысының аудандары мен қала мектептеріне, медициналық колледждеріне барып, оқушылармен кездесу өткізіп, ҰБТ-де

профильдік пәндер: химия және биологиядан дайындық жасау туралы және дәрігер-стоматолог мамандығы туралы талапкерлерге кәсіби бағдар беруде. Бұл жұмыстар сәуір-мамыр айларында жүргізіледі.

**Шешімі:** ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелілігін талдау, жетілдіру қанағаттанарлық деп танылсын.

**4-ші сұрақ бойынша:** СҚК төрайымы А.К. Мамырбекова сөз алып, күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша 2024 ж. сәуір айында жүргізілген іс-шаралар туралы баяндап, олардың нәтижелері қанағаттанарлық деп тануды ұсынды.

Комиссия мүшелері бір ауыздан қолдады.

**Шешімі:** Факультеттегі 2024 ж. сәуір айында жүргізілген іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Мәжіліс төрайымы: А.К. Мамырбекова

Мәжіліс хатшысы: Д.Б. Неметова